



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Тауың шағылмасын, жас түлек!

Өмір мемлекеттік грант алумен өлшенбейді



Бүгін 2026–2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім грантының нәтижесі жарияланады. Абитуриенті бар әр отбасының көңілі алаң. Мемлекеттің дамып көркеюіне, өзінің білімінің тереңдеп, көзқарас пайымының кеңеюіне үлес қосуға ниетті сан мыңдаған түлектің үміттерін үкілейтін жыл сайынғы осы алаңдаулы сәт санаулы уақыттардан кейін артта қалып, анық жүйрік алға шығады.

(Жалғасы 3-бетте)



ҚАДАҒАЛАУ

РАҚЫМШЫЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ТҮПКІЛІКТІ ШЕШІМДІ ТЕК СОТ ҚАБЫЛДАЙДЫ

«Рақымшылық туралы» заңның қолданысқа енгізілгеніне көп бола қойған жоқ. Заң күшіне енген алғашқы күннен бастап барлық аумақтық бөлімшелерде жүйелі жұмыс ұйымдастырылды. Ішкі істер министрлігі рақымшылыққа байланысты материалдардың уақытылы дайындалуын, олардың соттарға жолдануын және қабылданған сот шешімдерінің орындалуын бақылауда ұстап отыр.



Бүгінгі таңда соттарға 10 мыңнан астам ұсыныс жолданған. Оның ішінде 4400-ге жуығы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен, ал 6900-ден астамын пробация қызметі дайындады. Бүгінге дейін соттар мыңнан астам материалды қарап шықты. Нәтижесінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен 620 адам босатылып, әкімшілік қадағалауға алынды. Пробация қызметінің есебінде тұрған 724 азамат та жазасын

өтеуден босатылды. Сонымен қатар 730-дан астам сотталғанның жаза мерзімі қысқартылды. Жалпы, қылмыстық рақымшылық автоматты түрде қолданылмайды. Әрбір сотталған бойынша материалдар жеке қаралып, түпкілікті шешімді тек сот қабылдайды.

Т.ИБАСHEBA,
«Заң газеті»



СОТ ІС ҚАРАДЫ

Ақтөбелік жылқышы Рахат Сәрсеновке берілген жазаның әділетсіз екенін айтып шулап жатқан жұрт көп. Негізі сот процесіне қатыспай, сот үкімін оқымай болжаммен пікір айту құқықтық, зайырлы қоғамға жат тірлік. Мәселені бір жақты бағалаудың соңы екінші тараптың құқығының шектелуіне, мүддесінің тапталуына алып келеді. «Тисе терекке, тимесе бұтаққа» деген ұстаныммен айтарын сүзгіден өткізіп алмай, ойындағысын ортаға тастай салатын азаматтардың залалы орасан.

ДӘЛЕЛСІЗ ПІКІР АЙТУ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОҒАМҒА ЖАТ

«Жылқышы оқиғасында» да күмәнді пікірлер баршылық. Десек те осы іске байланысты қызу пікірталастың туындап, аудандық сот пен апелляциялық алқа шешіміндегі өзгерістің орын алуына кінәлі белгілі. Ол – жоғарыдағы істі тергеген тергеуші мен айыптау актісін бекітіп сотқа жіберген прокурор екені даусыз.

Неге?

«Жылқышы оқиғасындағы» кәсіпкер, құзырлы орган, жылқышының әрекетін саралап көрейікші.

Біріншіден, кәсіпкердің жоғалған малын жылқышыдан өндіру мақсатында арыздануы заңды. Мал баққаны үшін ақы төледі ме, малының амандығын талап ету оның құқығы. Мұнда айлықтың көлемі маңызды емес! Жылқышы берілетін айлықтың көлемімен келіскен екен, айлығын тұрақты алып отырған екен, ендеше малды бағуға, күтуге МІНДЕТТІ!

Ал енді баққан малы ауырып өліп қалса, таудан, жардан құлап кетсе, төтенше жағдайда қырылып қалса әңгіме басқа. Ол үшін жылқышыны кінәлі деп сотқа беріп, табиғи апаттың шығынын малшыдан талап ету адамдыққа жат болар еді. Бұл оқиғада 40 бас малдың жоғалуын иесі жылқышыдан көріп отыр. Біреу емес, бесеу емес, ҚЫРЫҚ! Мұндай малы жоғалса кім-кімнің де қол қусырып қарап отырмасы хақ!

Екіншіден, осы істі тергеген тергеуші де,

тергеудің заңдылығын бекіткен прокурор да, істі қараған аудандық соттың судьясы да 40 жылқыны ұрлаған Рахат көке Сәрсенов екеніне сенген. Сот үкімінде дәйектелгендей 2019 жылғы санақ актісімен Сәрсеновке 360 бас жылқы тапсырылған. Кейін жүргізілген санақ нәтижесінде 40 бас жылқының жетіспейтіні анықталған.

Бірінші сатыдағы сот осы мән-жайлар мен іс бойынша жиналған дәлелдемелерді негізге алып, азаматтың әрекетін аса ірі мөлшерде сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену деп саралап, Қылмыстық кодекстің 189-бабы 4-бөлігі 2) тармағымен 7 жылға бас бостандығынан айыруға үкім еткен.

Сөз жоқ, ауыр жаза!

Ал енді апелляциялық алқа неге үкімді өзгерткен?

Соттың жәбірленушіге жаны ашығандықтан үкімді өзгертпегені анық қой. Анық! Оның үстіне аудандық сот 7 жылға жаза тағайындаған азаматты ақтап, бостандыққа шығару үшін мықты дәлел керек емес пе?!

Сөйтсек...

Апелляциялық алқа Сәрсеновті ешқандай да ақтамаған, әрі сот залынан дімкәс азаматқа жаны ашығандықтан, болмаса, алматылық мықты журналистер шулатып жатыр деген негізбен де босатпаған.

(Жалғасы 2-бетте)

4-БЕТ



Сот практикасын интеллектуалды талдау: тез, тиімді, ыңғайлы

5-БЕТ



Жасанды интеллект – ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

8-БЕТ



Соңғы қоңырау

СОТ ІС ҚАРАДЫ

ДӘЛЕЛСІЗ ПІКІР АЙТУ
ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОҒАМҒА ЖАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тек іс апелляциялық тәртіппен қаралған кезде сот алқасы дәлелдемелерді қайта зерттеп, оларға қылмыстық-процестік заң талаптарына сәйкес жаңаша баға берген. Яғни, сот алқасында 40 бас жылқыны Сәрсеновтің жоғалтқан,

нына 6 ай бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған. Яғни, жылқышы ақталды деген сөз бер, жалған!

Қайта әбүйір болып бұл кісі жаңа Конституцияның шапағатын көріп отыр. Осы жаңа Конституцияға байланысты қабылданған «Рақымшылық туралы» заңына

соңында жүрген азаматтың бостандыққа шыққаны жақсы. Бек қуаныштымыз! Оған көмек қолын созып, қаржысы мен малын атап жатқан жандарға да Алланың нұры жаусын!

Тек мұндай көңілге селкеу салатын жағдайлар орын алмас үшін тергеу мықты болуы керек. Кез



ұрлағаны дәлелін таппаған. Тек бір куәгер ғана сот отырысында сотталған адамнан бір жылқыны 500 мың теңгеге сатып алып, ақшаны қолма-қол бергенін көрсеткен. Куәгер жылқыны сатып алған, бірақ ақша жылқы иесінің қалтасына емес, жылқышы көкеміздің қалтасына түскен. Куәгер солай дейді. Ал әр куәгер сотта тек шындықты, шындықтан басқа ештеңені айтпауға ант беретінін білесіздер.

Содан келіп апелляциядағы үш судья ақылдасып, бір жылқыны жымқыру фактісі дәлелденді, ал қалған 39 жылқыны жымқыру фактісі дәлелденбеді деген тұжырымға келген. Осы уәжға тоқтаған қазылар сотталған адамның әрекеті алғашқыдағыдай Қылмыстық кодекстің 189-бабы 4-бөлігі 2) тармағымен емес, осы кодекстің 189-бабы 1-бөлігіне сай саралануы керек деген тоқтамға келген.

Сәйкесінше Сәрсеновке алғашқы 7 жылдық жазаның ор-

Яғни, сот алқасында 40 бас жылқыны Сәрсеновтің жоғалтқаны, ұрлағаны дәлелін таппаған. Тек бір куәгер ғана сот отырысында сотталған адамнан бір жылқыны 500 мың теңгеге сатып алып, ақшаны қолма-қол бергенін көрсеткен. Куәгер жылқыны сатып алған, бірақ ақша жылқы иесінің қалтасына емес, жылқышы көкеміздің қалтасына түскен. Куәгер солай дейді. Ал әр куәгер сотта тек шындықты, шындықтан басқа ештеңені айтпауға ант беретінін білесіздер.

орай Сәрсеновтің жазасы 3 айға дейін қысқартылып, қамауда болған уақыты заңда белгіленген тәртіппен жаза мерзіміне есептелген. Сөйтіп тағайындалған жаза өтелген деп танылып, жылқышы сот залынан босатылған.

Сонымен қатар жәбірленушінің пайдасына өндірілген алғашқы 30 млн теңге материалдық залал шегеріліп, 600 мың теңгеге дейін төмендетілгенін де айта кетуіміз керек.

Жарайды, өмір бойы малдың

келген сотталушының кінәсі куәгерлер сөзімен, бейнежазба, деректермен шегеленуі тиіс. Ал бұл істе «өкінішке орай...»

Меніңше, осы шулы істен кейін Ақтөбенің Полиция департаменті де бір әу деп, анықтау, тергеуде кеткен қателіктің себеп-салдарын түсіндіруге міндетті. Сонда бірқатар күмәннің беті ашылып, шындыққа жақындарымыз талассыз.

Айнұр СЕМБАЕВА,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Дербес кассациялық соттардың қызметін бастағанына бір жыл толды. Бұл оқиға отандық сот жүйесінің дамуындағы маңызды бөлес, әрі сот төрелігін жетілдіруге бағытталған реформалардың маңызды кезеңдерінің бірі екені мәлім. Жаңа кассациялық сатының негізгі міндеті заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету, заңнаманың біркелкі қолданылуын қалыптастыру және сот қателіктерін уақытылы түзету болды.

Бір жыл ішінде кассациялық соттар ұйымдастырушылық тұрғыдан маңызды қалыптасу кезеңінен өтті. Соттар және департамент ұжымы жасақталды, әкімшілік жұмыс үдерісі жолға қойылды, барлық сот сатыларымен, мемлекеттік органдармен және сот процестеріне қатысушылармен тиімді өзара іс-қимыл қамтамасыз етілді. Бүгінде жаңа институт Қазақстан Республикасының сот жүйесінде лайықты орын алып, өзіне жүктелген міндеттерді табысты атқарып отырғанын сеніммен айтуға болады.

Сонымен қатар, сот қызметін тек қаралған материалдардың санымен ғана бағалау мүмкін емес. Сот төрелігінің сапасы, азаматтардың сот жүйесіне деген сенім деңгейі және бұзылған құқықтардың тиімді қорғалуы әрдайым басты өлшем болып қала береді. Дегенмен, статистикалық көрсеткіштер атқарылған жұмыстың ауқымын объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Қызметтің алғашқы жылы ішінде кассациялық соттарға 99 817 кіріс құжаты түсті. Оның ішінде: азаматтық істер бойынша – 12 599 кассациялық шағым; қылмыстық істер бойынша – 7 699 кассациялық шағым; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша – 2 640 кассациялық шағым; Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс тәртібімен қаралатын әкімшілік істер бойынша – 5 235 кассациялық шағым. Осы кезеңде 71 760 шығыс құжаты дайындалып, жолданды.

Бұл көрсеткіш кассациялық соттар аппараттарының ауқымды жұмысын ғана емес, сонымен қатар жаңа кассациялық сатыға деген жоғары

сұранысты да айқын көрсетеді. Әрбір келіп түскен шағым – объективті әрі бейтарап сот бағасын күтетін заңды тұлғаның, азаматтың өтініші. Әрбір процессуалдық құжаттың артында нақты адамдардың тағдыры, олардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау және әділдікті қалпына келтіру мәселесі тұр.

Өтініштердің ең көп бөлігін азаматтық істер бойынша кассациялық шағымдар құрады. Бұл азаматтық сот ісін жүргізудің әлеуметтік маңыздылығының жоғары екенін және азаматтардың сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарауға заңмен берілген құқықты белсенді пайдаланып отырғанын көрсетеді. Қылмыстық және әкімшілік істер бойынша түскен шағымдардың едәуір саны да кассациялық тетіктің заңдылықты қамтамасыз етудің тиімді кепілдігі ретінде сұранысқа ие екенін дәлелдейді.

Қызметтің алғашқы жылы кассациялық соттардың жұмысын ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру кезеңіне айналды. Бұл ретте сот әкімшілігін жетілдіруге, құжаттамалық қамтамасыз ету сапасын арттыруға, ішкі процестерді цифрландыруға және өтініштердің уақытылы қаралуын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

Сот жүйесін жетілдіруге бағытталған дәйекті мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі – дербес кассациялық соттарды құру екенін ерекше атап өткен жөн. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында заң үстемдігін нығайтуға, мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыруға



Тілеуқабыл МОЛДАХАНОВ,
Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі
Кассациялық соттар департаменті
басшысының орынбасары

және адам құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтуге бағытталған ауқымды реформалар жүзеге асырылуда.

Осы тұрғыдан алғанда, Кассациялық соттардың қызметі Әділетті Қазақстанды құрудың жалпы стратегиясымен толық үндеседі. Оларды құру сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау тетігін жетілдіруге, Жоғарғы Сот пен кассациялық саты арасындағы өкілеттіктерді нақты ажыратуға мүмкіндік берді. Мұндай тәсіл бірыңғай сот практикасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бүгінде Кассациялық соттар заманауи сот жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналғанын сеніммен айтуға болады. Қызметтің алғашқы жылында жаңа институттың тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп қана қоймай, оның одан әрі дамуына берік негіз қаланды. Ұйымдастырушылық қалыптасу кезеңі сәтті аяқталды, соттар, олардың аппараттары және сот процесіне қатысушылар арасындағы өзара іс-қимылдың тиімді тетіктері қалыптастырылды.

Сонымен бірге, қол жеткізілген нәтижелермен шектелуге болмайды. Сот жүйесі уақыт талабына және қоғамның сұранысына сай үнемі дамып отырады. Алдағы кезеңдегі басым бағыттардың қатарында сот әкімшілігін одан әрі жетілдіру, заманауи цифрлық технологияларды енгізу, электрондық құжат айналымын дамыту, соттардың қызметін ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз ету және бірыңғай сот практикасын одан әрі қалыптастыру міндеттері сақталады.

ҚҰРЫЛТАЙ

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕ ӨЗІҢІЗДІ
ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?



2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Тауың шағылмасын, жас түлек!

Өмір мемлекеттік грант алумен өлшенбейді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет жыл сайын жоғары білімге қомақты қаржы бөліп келеді. Бұл – жастарға жасалған әлеуметтік қолдау ғана емес, Қазақстанның адами капиталына салынған стратегиялық инвестиция. Сондықтан гранттың тиімділігі оны қанша талапкер алғанымен емес, сол түлектердің қаншасы кәсіби маман болып қалыптасып, өз саласында еңбек еткенімен өлшенуі тиіс.

Шыны керек, қоғамда грант көбіне «тегін оқу мүмкіндігі» ретінде қабылданады. Алайда мемлекет үшін гранттың мәні әлдеқайда терең. Егер жас маман өз кәсібінің шебері атанып, жаңа өндіріс ашса, ғылыми жаңалық енгізсе, ауыл мектебінде сапалы білім берсе немесе заманауи медицинаны дамытса – мемлекет салған инвестицияның ақталғаны. Ал диплом сөреде қалып, түлек өзге салаға кетсе немесе алған мамандығына сұраныс болмаса, бұл тек жеке адамның емес, мемлекеттік саясаттың да ойланатын мәселесіне айналады.

2026–2027 оқу жылына жоғары білім беруге 89 мыңнан астам мемлекеттік грант бөлінipтi. Оның басым бөлігі бакалавриатқа арналса, қалғаны магистратура мен доктортураға қарастырылған. Мемлекет гранттарды бөлуде инженерлік бағыттарға, ақпараттық технологияларға, педагогикаға, жаратылыстану ғылымдарына, өңдеу өнеркәсібіне және басқа да экономика үшін маңызды салаларға басымдық беріп отыр. Бұл – еңбек нарығының бүгінгі және ертеңгі қажеттілігін ескерген дұрыс шешім.

Елімізде жыл сайын ондаған мың түлек мемлекеттік грант иегері атанады. Бұл – білімге қолжетімділікті арттырудағы үлкен жетістік. Алайда осы түлектердің қаншасы өз мамандығы бойынша еңбек етеді? Өкінішке қарай, жоғары оқу орнын тәмамдаған жастардың бір бөлігі басқа салаға кетеді. Кей-

бірі еңбек нарығының талабына бейімделе алмайды. Бұл – тек университеттің ғана емес, мектептегі кәсіптік бағдар жұмысының, жұмыс берушілермен байланыстың және жалпы кадр даярлау жүйесінің ортақ мәселесі.

Қазақстан соңғы жылдары жаңа өндірістерді іске қосып, цифрлық экономиканы дамытып, күрделі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырып келеді. Осындай жобаларда мұнай-газ, тау-кен өндірісі, жоғары технологиялық өндірістер, цифрлық технологиялар, ғылыми зерттеулер мен күрделі медициналық бағыттар бойынша шетелдік мамандардың тәжірибесі пайдаланылып жүр. Бұл – жаһандану жағдайындағы қалыпты құбылыс. Өлемнің көптеген елдері халықаралық тәжірибеге сүйенеді. Бірақ осы жағдай мемлекет жыл сайын мыңдаған инженерді, IT маманын, дәрігерді, ғалымды даярлап отырған кезде, неге кейбір стратегиялық салаларда әлі де сырттан маман тартуға мәжбүрміз деген сұрақты алдына тартады. Жауабын издесек, кейде мәселенің тәжірибеде, кейде білім сапасында, кейде өндіріс пен университет арасындағы байланыстың әлсіздігінде жатқанын бағамдаймыз. Бұл бізге тек грант санын көбейтіп қана қоймай, оның қайтарымын арттыру бағытында жұмыс жүргізу қажеттігін ұқтырады.

Шыны керек, көптеген талапкер мамандықты өз қабілеті мен қызығушылығына емес, ҰБТ нәтижесіне немесе грант көп бөлінген бағытқа қарап таңдайды. Кей жағдайда атаананың таңдауы баланың қалауынан басым түседі. Мұндай жағдайда төрт жылдан кейін қолында диплом болғанымен, жүрегі қаламаған мамандықтың иесі пайда болады. Сондықтан кәсіптік бағдар беру мектеп қабырғасынан басталып, оқушының қабілетін, қызығушылығын және еңбек нарығының сұранысын ұштастыруға бағытталуы қажет екені айқын көрініп тұр.

Қарап отырсақ өзіміз үлгі тұтатын дамыған мемлекеттердің барлығы білім беру жүйесін еңбек нарығымен тығыз байланыстырған. Олар үшін университет диплом беретін мекеме ғана емес, экономиканы дамытатын кадрлар орталығы. Мәселен, Германия дуальды білім беру жүйесін қалыптастырды. Бұл елде студент оқу барысында аптаның бірнеше күнін кәсіпорында өткізіп, нақты өндірісте жұмыс істейді. Соның арқасында оқуын аяқтаған жас маманның теориялық білімі ғана емес, тәжірибесі де қалыптасады. Сондықтан жұмыс берушіге қосымша уақыт жұмсаудың қажеті болмайды. Финляндияда кәсіптік бағдар беру мектептен басталады. Баланың қабілеті мен қызығушылығы бірнеше жыл бойы зерттеліп, оған болашақ мамандығын саналы таңдауға мүмкіндік беріледі. Бұл жастардың мамандығын ауыстыру көрсеткішін төмендетуге ықпал етеді. Сингапур кадр даярлауды ұлттық экономикалық стратегиямен ұштастырған. Мемлекет қай салаға инвестиция салынса, сол салаға қажетті мамандарды алдын ала даярлайды. Университеттер жұмыс берушілермен бірге білім бағдарламаларын әзірлейді. Оңтүстік Корея инженерлік білімге ерекше көңіл бөліп, ғылым мен өндірісті біріктірген екен. Нәтижесінде әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті технологиялық компаниялар қалыптасты. Бұл тәжірибелердің барлығы білім беру жүйесі еңбек нарығынан бір қадам алда жүруі тиістігін көрсетеді.

Сарапшылардың пікірінше, жоғары оқу орындарының барлығы бірдей еңбек нарығымен тығыз байланыс орната алған жоқ. Сонымен қатар, кейбір білім бағдарламалары өндірістегі технологиялардың даму қарқынына ілесі алмай келеді. Үшіншіден, жұмыс берушілердің университеттермен серіктестігі жеткілікті деңгейде емес. Төртіншіден, түлектердің мамандығы бойынша жұмысқа орналасуын

тұрақты бағалайтын тиімді жүйе әлі де жетілдіруді қажет етеді. Алдағы жылдары елімізде жасанды интеллект және бағдарламалау, киберқауіпсіздік, энергетика және атом саласы, су ресурстарын басқару, агроөнеркәсіп, логистика саласына мамандар қажет. Бұл бағыттардың барлығы елдің тұрақты дамуына тікелей ықпал етеді.

Қазақстанның білім беру саясаты жаңа кезеңге қадам басты. Ендігі міндет – гранттардың санын көбейту ғана емес, олардың тиімділігін арттыру. Бұл үшін еңбек нарығына ұзақ мерзімді

болжам жасау, мектептерде кәсіптік бағдар беру жүйесін күшейту, университеттердің жауапкершілігін арттыру, жұмыс берушілерді білім бағдарламаларын әзірлеуге кеңінен тарту, ғылым мен өндірістің байланысын нығайту, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру қажет. Сонымен қатар, әрбір жоғары оқу орны өзінің түлектерінің тағдырына жауапкершілікпен қарауы тиіс. Университеттің табысы диплом саны емес, мамандығы бойынша еңбек етіп жүрген түлектерінің үлесімен бағаланатын уақыт келді.

Бүгінде мемлекет жоғары білімге мол қаржы бөліп отыр. Бұл – жастарға жасалған қамқорлық қана емес, елдің ертеңге бағытталған стратегиялық шешімі. Ендігі мақсат – осы инвестицияның толық қайтарымын қамтамасыз ету.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Рашид КЕМЕЛБЕК, Қазақстандағы қоғамдық даму институтының сарапшысы:

«Басты мақсат – жастарды қабілетіне сәйкес мамандыққа дұрыс бағдарлау»

Баласының грантқа түсуі – кез келген ата-ана үшін үлкен жетістік. Алайда бұл жерде ең маңызды мәселе – баланың сол мамандыққа шын мәнінде бейімі мен қызығушылығының бар-жоғын анықтау. Грантқа түсу – мақсаттың өзі емес. Ең бастысы жастардың таңдаған бағытына икемі болуы және болашақта сол салада өзін таба алуы маңызды. Мен өз тәжірибемнен де мысал келтіре аламын. Біздің буында физика немесе химия мамандығына түсіп, бір жылдан кейін оқуын тастап кеткен жастар аз болған жоқ. Себебі мамандық таңдауда адамның қабілеті мен қызығушылығы ескерілмеді. Сондықтан бүгінде әлемде кеңінен қолданылатын early intervention қағидаты өте маңызды. Оның мәні – баланы үш жасынан кейін-ақ (36 айдан бастап) қабілетін, бейімін, қызығушылығын байқап, сол бағытта дамыту. Ғылыми зерттеулер де мұндай ерте бағыт-бағдар берудің оң нәтиже көрсететінін дәлелдеп отыр. Бұл ретте ата-ананың, әсіресе әкенің баласының болашағына жауапкершілікпен қарауы аса маңызды. Әр баланың табиғи таланты әртүрлі. Бірі техникалық ғылымдарға бейім болса, енді бірі шығармашылыққа немесе гуманитарлық салаға жақын болуы мүмкін. Сондықтан баланы өз қабілетіне сай бағыттап өсіру қажет. Қазір кейбір мамандықтарға бөлінетін мемлекеттік грант саны артқанымен, дәл сол мамандықтарды саналы түрде таңдайтын талапкерлер саны да сондай қарқынмен өсіп жатыр деу қиын. Сондықтан басты мақсат – грантты көбейту ғана емес, талантты жастарды өз қабілетіне сәйкес мамандыққа дұрыс бағдарлау.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ

ЖАҢАТАС ҚАЙТА ЖАНДАНЫП КЕЛЕДІ

Жамбыл облысындағы елу жылдан астам тарихы бар Жаңатас қаласының 25,5 мыңға жуық тұрғыны бар. Оның ішінде экономикалық жағынан бөлсеңдісі 39,7 пайызды құрайды. Олардың 33,6 пайызы жалдамалы жұмысшылар, 4,5 пайызы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар болса, 3,9 пайызы немесе 394-і жұмыссыз ретінде тіркелген.

«Өнеркәсіп саласы қарқынды түрде жұмыс істеп тұрған уақытта халық саны 60 мыңға дейін жеткен. Қаланың экономикалық әлеуметтік дамуы халық саны мен

діру зауыты сияқты 5 ірі өңдеу өнеркәсібі жұмыс істеп тұр. Бес айда өнеркәсіп өнімдерінің құны 65,2 млрд теңгені құрап, былтыр сәйкес кезеңмен салыстырғанда

құрады. Оның 203 992,0 мың теңгесі салықтық, 21 653,5 мың теңгесі салықтық емес түсімдер. Кәсіпкерлік саласында 1168 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері жұмыс істеп тұр. Олардың саны өткен жылмен салыстырғанда 35 бірлікке артты. Бұл кәсіпкерлік субъектілері 2984 азаматты жұмыспен қамтып отыр. Жеке кәсіптерін бастауға 5 адам «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 29,3 млн теңге көлемінде несие алды.

Жыл басынан бері тұрғындарды әлеуметтік қолдау бойынша 162 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, 33 отбасыға 619,2 мың теңгенің тұрғын үй жәрдемақысы төленген. Қазір қаладағы тұрғын үй кезегінде 1 965, ал жер кезегінде 1809 адам тұр. Тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында биыл 2,2 млрд теңгеге үш үй сатып алынып, тізімде тұрған тұрғындарға берілді. Оған қоса 1,9 млрд теңгеге 80 пәтерлі 2 көп қабатты тұрғын үйдің құрылысына арналған жоба әзірленді.

Ұзындығы 61,2 км болатын 76 көшенің 42-сі (61,6%) толық асфальтталған. Қалған 34 көшені газ құбырлары толық жүргізілген соң орта жөндеуден өткізу жоспарлануда. 68 көшеге (92%) көше жарықтары орнатылған. 2026 жылға 8 көшеге көше жарықтарын орнату жоспарлануда. Ол жүзеге асқан жағдайда жарықпен қамтылған көшелердың үлесі 100 пайызға жетеді. Сондай-ақ бұрынғы саяжайларды қоспағанда 106 көпқабатты және 1676 жеке сектордағы тұрғын үйлерге ауыз су және кәріз жүйелері тартылған.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ПӘРМЕН

ҚР Бас прокуратурасы мен Ішкі істер министрлігінің Интерпол қызметкерлері Қазақстанның Грузиядағы Елшілігінің қолдауымен аталған елден аса ірі мөлшерде психотроптық заттардың заңсыз айналымымен, сондай-ақ қылмыстық кірістерді заңдастырумен айналысатын ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту мақсатында Қазақстан азаматын экстрадициялады.

Есірткі тасымалына тосқауыл қойылды



Тергеу анықтағандай, аталған адам қылмыстық топтың мүшесі бола отырып, Алматы облысы аумағында аса ірі көлемде есірткі өндірісін ұйымдастырған. Кейіннен дайындалған психотроптық заттар текестері осы облыс пен Алматы қаласының аумағында жасырын түрде таратылған.

Тергеп-тексеру барысында қылмыстық топтан 10 келіге жуық психотроптық заттар (мефедрон) алынды.

Қылмыстық әрекет нәтижесінде алынған заңсыз кірісті қаскүнемдер 1,8 млрд теңгеден астам сомада әртүрлі қаржылық операциялар, оның ішінде криптоалмастырғыштарды пайдалана отырып, және қосымша 600 миллион теңгеден астам сомаға жылжымайтын мүлікті, бизнес объектілерін және көлік құралдарын сатып алу арқылы заңдастырған. Бұл

активтерге мемлекет пайдасына аудару мақсатында тыйым салынды.

Қазіргі уақытта қылмыстық топ мүшелерінің бір бөлігі сотқа беріліп, олар бойынша сот талқылауы жүргізілуде, ал оның кейбір мүшелері, оның ішінде күдікті қылмыстық қудалау органдарынан жалтарып, халықаралық іздестіру жарияланған.

Ағымдағы жылдың қаңтарында ол Грузия аумағында ұсталып, Бас прокуратураның сұрауы бойынша Қазақстанға берілді. Қазіргі таңда тұлға тергеу изоляторына қамалды. Қылмыстарды жасағаны үшін оның мүлкі тәркіленіп, 20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген.

**Бас прокуратураның
баспасөз қызметі**



жұмыс орындарының санына тікелей әсер етеді. Тұрғындардың басым бөлігін тұрақты жұмыспен қамту үшін ірі кәсіпорындарды ұлғайту қажет. Өндіріс ошақтары мен өндіріс көлемі үлкөйген сайын, инфрақұрылым жүргізу мүмкіндіктері көбейеді. Бүгінгі таңда мұнда «Еврохим», «Қазфосфат» «Жарас» мұнай өңдеу зауыты, «Асыл тұз» соляная компания», «Тараз көлік жолы» асфальт өн-

14,1 млрд теңгеге артты. Ал өндірілген өнім көлемі – 51,1 млрд. теңгені құрады. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 94,3 млрд теңгені құрап отыр», – дейді Жаңатас қаласының әкімі Ілияс Домалақов.

Ілияс Әлімбайұлының айтуынша, өнеркәсіп орындарының артуы арқасында бюджетке түсетін салық түсімдері де ұлғаюда. 5 айдағы бюджет кірісі 225,6 млн теңгені

САРАП

СОТ ПРАКТИКАСЫН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТАЛДАУ: ТЕЗ, ТИІМДІ, ЫҢҒАЙЛЫ

Қазақстан Республикасының сот төрелігін жүзеге асыру барысында жасанды интеллект технологияларын қолдану ерекше өзектілікке ие болып отыр. Ақпараттық технологиялардың дамуы сот төрелігінің сапасын арттыруға, сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге және сот қызметін жетілдіруге ықпал етеді. Перспективалы бағыттардың бірі – азаматтық істер бойынша сот практикасын талдау кезінде жасанды интеллектті пайдалану.

Сот практикасы заңнаманы дұрыс әрі біркелкі қолдануды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Азаматтық істерді қарау барысында соттар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құқықтық ұстанымдарын және даулардың ұқсас санаттары бойынша қалыптасқан тәсілдерді басшылыққа алады. Алайда сот актілерінің көлемінің ұлғаюы және заңнаманың тұрақты түрде жаңартылып отыруы сот практикасын талдау үдерісін едәуір күрделендіреді. Осындай жағдайда жасанды интеллект технологияларын пайдалану сот қызметін оңтайландырудың тиімді құралына айналады.

Жасанды интеллект – үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеуге, мәтіндерді талдауға және қолда бар деректер негізінде қорытынды жасауға қабілетті бағдарламалық және талдамалық технологиялардың жиынтығы. Сот жүйесінде жасанды интеллектті қолдану ең алдымен сот практикасын интеллектуалды талдаумен, ұқсас істерді автоматтандырылған іздеумен, қайшылықты сот практикасын анықтаумен және ықтимал құқықтық ұстанымдарды болжаумен байланысты.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының сот жүйесінде «Азаматтық істер бойынша сот практикасын интеллектуалды талдау» жүйесі белсенді түрде енгізілген. Аталған жүйенің негізгі міндеті – сот актілерін автоматтандырылған түрде талдау және даулардың белгілі бір санаты бойынша ұқсас сот шешімдерін іздеу.

Интеллектуалды жүйе нақты құқықтық жағдай бойынша сот практикасын талдауға, ұқсас сот шешімдерін автоматты түрде іріктеуге және сот дауының перспективасын бағалауға мүмкіндік береді. Жүйе талап қою арызының үзіндісі, сот шешімі немесе істің мән-жайларының қысқаша сипаттамасы негізінде сот актілерін іздеуге қабілетті. Пайдаланушы белгілі бір құқықтық жағдайды енгізгеннен кейін

Жасанды интеллектті қолдану күрделі азаматтық істерді қарау кезінде ерекше маңызға ие. Интеллектуалды жүйелер ұқсас нақты мән-жайларды анықтауға, қолданылған заңнама нормаларын талдауға және ұқсас даулар бойынша соттардың құқықтық ұстанымдарын айқындауға қабілетті. Бұл судьяларға істің мән-жайларын жан-жақты зерттеуге және шешім қабылдау кезінде қалыптасқан сот практикасын ескеруге мүмкіндік береді.

бағдарлама автоматты түрде ұқсас сот актілерін іріктеп, соған ұқсас істерді қарау нәтижелерін көрсетеді. Бұл сот практикасын іздеуге кететін уақытты едәуір қысқартып, сот талқылауына дайындықтың тиімділігін арттырады.

Интеллектуалды талдаудың маңызды функцияларының бірі – істің ықтимал нәтижесін болжау. Жүйе бұрын қаралған ұқсас дауларды талдап, талап қою талаптарының қанағаттандырылу немесе талап қоюдан бас тарту ықти-

малдығын айқындайды. Мұндай тетік сот тәуекелдерін бағалауға мүмкіндік беріп, неғұрлым негізделген құқықтық ұстанымды қалыптастыруға ықпал етеді.

Қосымша артықшылықтардың бірі – қайшылықты сот практикасын анықтау мүмкіндігі. Бұл заңнаманың біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Сот практикасын интеллектуалды талдау жүйесін пайдалану татуластыру рәсімдерінің дамуына да ықпал етеді. Сот практикасын талдау және даудың ықтимал нәтижесін болжау тараптарға істің перспективасы мен сот тәуекелдерін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде процеске қатысушылар ұзаққа созылатын сот талқылауынсыз дауды бейбіт жол-



раттың үлкен көлемін өңдеп, барынша өзекті сот шешімдерін ұсына алады.

Жасанды интеллектті қолдану күрделі азаматтық істерді қарау кезінде ерекше маңызға ие. Интеллектуалды жүйелер ұқсас нақты мән-жайларды анықтауға, қолданылған заңнама нормаларын талдауға және ұқсас даулар бойынша соттардың құқықтық ұстанымдарын айқындауға қабілетті. Бұл судьяларға істің мән-жайларын жан-жақты зерттеуге және шешім қабылдау кезінде қалыптасқан сот практикасын ескеруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жасанды интеллектті енгізу судьяның тәуелсіздігі қағидаатын қатаң сақтауды талап етеді. Интеллектуалды технологияларды пайдалану соттың ішкі сенімін және дәлелдемелерді бағалау процесін алмастырмауы тиіс. Жасанды интеллект – сот практикасын жедел талдауға және қажетті ақпаратты жылдам алуға мүмкіндік беретін қосалқы құрал ғана. Іс бойынша түпкілікті шешімді тек судья ғана қабылдауға тиіс.

Қолданыстағы тәуекелдерге қарамастан, сот жүйесінде жасанды интеллектті пайдаланудың болашағы зор. Сот практикасын интеллектуалды талдау жүйесін енгізу сот төрелігінің тиімділігін арттыруға, істерді қарау мерзімдерін қысқартуға, сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге, татуластыру рәсімдерін дамытуға және сот актілерінің сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Осылайша, азаматтық істер бойынша сот практикасын талдау кезінде жасанды интеллектті қолдану Қазақстан Республикасы сот жүйесін дамытудың маңызды кезеңі болып табылады. Интеллектуалды технологиялар сот төрелігінің сапасын арттырудың, сот практикасын жетілдірудің және қоғамның сот жүйесіне деген сенімін нығайтудың тиімді құралына айналуда.

Дулат САЛАТОВ,
Шығыс Қазақстан облыстық соты
азаматтық істер жөніндегі сот
алқасының төрағасы

ТАЛАП

Әлеуметтік желі ақпарат алудың, табыс табудың, пікір білдірудің бірегей алаңы. Өкінішке қарай жауаптылықты түсінбейтіндер өлемжеліні қажетсіз қоқысқа айналдыруда. Танымалдығын арттыру үшін тыр жалаңаш шешініп, жосықсыз әрекеттер көрсететін, балапыт сөз айтатын жандар ескерту берілмесе есіріп көтетіні түсінікті. Ертеңін ойламайтын «жұлдыздар» сауатсыз, заңсыз, тәрбиеге жат контенттерін үлкендермен қатар балалардың да көретінін ескере бермейді.

Әлеуметтік желіні қоқысқа айналдырғандар жазасыз қалмайды



Осыған орай Ішкі істер министрлігі интернет пен әлеуметтік желілерде құқыққа қайшы контенттің таралуын анықтау және жолын кесу жұмысын қолға алды. Қазіргі таңда республика бойынша заң талаптарын бұзған 20-дан астам стример жауапкершілікке тартылды.

Мәселен, Шымкент қаласының тұрғыны Ербол Дүйсенбаев TikTok желісіндегі тікелей эфир барысында бейәдеп сөздер қолданған. Сот шешімімен ол 10 тәулікке әкімшілік қамауға алынды. Ал Талдықорған қаласының тұрғыны Гүлмира Қасенова TikTok-тағы тікелей эфир кезінде қоғамдық тәртіпті бұзып, балағат сөздер айтқан. Бұған дейін де осындай құқық бұзушылығы үшін жауапкершілікке тартылған оған бұл жолы әкімшілік айыппұл салынды.

Павлодар қаласының тұрғыны Аслан Амантаев болса көлік тізгінін-

де отырып тікелей эфир жүргізген, балағат сөздер айтып, қауіпсіздік белдігін таппаған. Осы әрекеті үшін ол соттың шешімімен 20 тәулікке әкімшілік қамауға алынды.

Түркістан қаласында «bayan_kyz», «fatima.sh0000» және «fatima_s003» никнеймдерімен танымал Баян Шанкеева жауапкершілікке тартылды. Ол тікелей эфирлерде бейәдеп сөздер айтып, агрессивті мінез-құлық көрсеткен. Осыған орай сот оған әкімшілік айыппұл тағайындады.

ІІМ цифрлық кеңістікті құқыққа қайшы контенттен тазарту және қоғамдық тәртіпті бұзған азаматтарды жауапкершілікке тарту бойынша жүйелі жұмыстарын жалғастыра береді. Заң талаптары шынайы өмірде де, интернет кеңістігінде де бәріне бірдей міндетті.

Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

БІТІМ

Дауды сотқа дейін шешудің артықшылығы көп

«Алдыңа келсе атаңның құнын көш», «Іілген басты қылыш кеспес», «Кешірім жасау – көңдік, кешіре алмау – көмдік» деген мақалдар қазақтың татулықты төу ететін қасиетін, бітімге келуді құптайтын мәмілегершілік бет-бейнесін көрсетеді. Мұны ертедегі қазақы заңдардың қалыбынан да байқау қиын емес. Сол тұста төрелік еткен төбе билердің кесімінің өзі ағайын арасындағы сыйластықты сақтауға, ел ішіндегі дауқестікті төмендетуге бағытталған. Дала заңындағы бітімгершіліктің бүгінгі көрінісі – медиация болса, дала билерінің бүгінгі ізбасары – судьялар екені рас.

«Медиация туралы» заң қазақы құқықтық дәстүрді тірілтіп, жана талаптарға сай жаңғыртты. Осы айтулы заңның қабылданып, тәжірибеде үлкен сұраныспен қолданылып келе жатқанына 15 жылдың жүзі болды. Медиация – сот жұмысына ғана емес, азаматтардың сана-сезіміне үлкен бетбұрыс жасаған құжат. Себебі, бұл заңның көмегімен тараптар дауды бітіммен шешуге, татулықты сақтауға, келісімге келуге үйренді. Дауды сотқа жеткізбей шешудің артықшылығына көз жеткізді.

Медиацияның тиімді екенін тәжірибе барысында білгендіктен соңғы жылдары бітімге келетіндер, келіспеушілікті өзара мәмілемен бітіретіндер саны көбейген. 2025 жылы Президент қабылдауында болған Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев те медиативтік келісімдер бойынша оң өзгерістер орын алғанын айтып, дауларды сотқа жеткізбей жапқандардың саны бір жылда 61 мыңнан 76 мыңға дейін көбейгенін алға тартқан болатын. Биыл да былтырғы меже жалғасын табары күмәнсіз. Ал әр даудың артында қаншама адамның тағдыры тұратынын ескерсек, даулардың сотқа жетпей реттелуі көптеген жағымды көрсеткіштерге түрткі болары күмәнсіз.

Шындығында дауларды сотқа жеткізбей шешудің артықшылығы аз емес.

Біріншіден бұл сот жүктемесін төмендетеді. Тараптардың сотқа дейін бейбіт келісімге келуі судьялардың уақытын неғұрлым күрделі істерді зерделеуге арнап, тәжірибесін жетілдіруіне мүмкіндік береді. Сот төрелігіне жүгінетін тараптар өзара келісімге келіп, соттан өкпе-назсыз шықса, ол – судья үшін үлкен жетістік. Себебі сот екі тараптың талаптарын бірдей қанағаттандыра алмайды. Сотта бір тараптың жеңіп, екінші тараптың жеңілетіні қалыпты жағдай. Ал дауды сотқа дейін реттегенде жеңілген тарап болмайды. Өйткені келісім екі жақтың уәждерін ескере отырып дайындалады. Екіншіден, дау-



ды сотқа жеткізбей реттеуге қол жеткізген тараптар сот әуресінен құтылады. Сот процесіне қатысуға кететін уақыты мен қаржысы үнемделеді. Үшіншіден, бітімге келгендердің жүйкесі сақталады, екі жақ арасындағы сыйластыққа

сына түспейді. Дауды мәмілемен шешкендіктен тараптар медиация үстелінен қол алысып, достасып тарқайды.

Қазір елімізде әрбір азаматтың сотқа дейін де, сот барысында да татуласуы үшін жан-жақты жағдай жасалып жатыр. Оған басқа құзырлы мекемелермен жасалған келісім, меморандумдардың көмегі көп. Айталық республикалық Кәсіподақтар федерациясы және Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірге өңірлерде Сотсыз татуласу орталықтары, Билер кеңесі құрылуда. Онда кәсіби медиаторлар және ақсақалдар алқасы келіссөз жүргізу, екі жаққа қолайлы, көңілге қонымды шешім іздеу және ұсыну арқылы дауды сотқа жеткізбей шешуге көмектеседі. Сондай-ақ сот ғимараттарында арнайы татуласу орталықтары бар. Мұнда да азаматтарға медиаторлар, адвокаттар, нотариустар мен психологтар бірігіп жол көрсетіп кеңес беруде. Осының бәрі ел азаматтарының игілігі үшін атқарылып жатқан шаралар деп айтуға болады. Татуласудың басты артықшылығы – ол тек дауды реттеп қана

қоймай, сонымен бірге қарым-қатынасты сақтап, қалпына келтіруге жәрдемдесу. Бітімгершілік барысында тараптар өз еркімен, саналы түрде ортақ келісімге келеді. Медиаторды әрбір адам өзі таңдаған соң жемқорлыққа да жол берілмейді.

Ренжіскенді татуластыру, кетіскенді бітістіру қазақтың қанында бар. Сол ата-бабадан мирас болған ұлттық құндылықты жаңғырту баршамыздың парызымыз. Қалай десек те медиация – татулық пен тұтастықтың кепілі. Татуласу – дауды шешудің ең тиімді әдісі екені анық.

А.АЙДАРБАЕВА,
Маңғыстау облысы
Мұнайлы аудандық
сотының судьясы

СТАЛКИНГ

АДАМДЫ ҚУДАЛАУ ЗАҢҒА ҚАЙШЫ

Сталкинг – бұл адамның еркіне қайшы онымен байланыс орнатуға және (немесе) оны аңдуға бағытталған, зорлық-зомбылықпен ұштаспайтын, өлеулі зиян көтіруге алып келген әрекеттерден көрінетін заңсыз қудалау.

Бұл қылмыстың түрі Қылмыстық кодекске 115-1-бап ретінде енгізілді. Жаза түрі – екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға көзделген /ҚК-нің 467-бабына сәйкес, ҚК-нің 45-бабымен көзделген «қамаққа алу» түріндегі жазаның қолданылуы 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатылған/.

Аталған бап бойынша соттың өндірісіне 2 қылмыстық іс түсіп, олар бойынша айыптау үкімі шығарылып, баптың санкциясымен көзделген қоғамдық жұмысқа тарту түріндегі жаза тағайындалған.

Қылмыстық істер бойынша мән-жайлар заңды неке-лері бұзылған ерлі-зайыптының және кездесіп жүрген қыз бен жігіттің арасында орын алған. Яғни, ұялы телефонына қоңыраулар шалып, мазасын алып, жәбірленушілердің еркіне қайшы онымен байланыс орнатуға және оны аңдуға бағытталған, зорлық-зомбылықпен ұштаспайтын, елеулі зиян келтіретін әрекеттер жасап, заңсыз қудалаған, тұрақты қорқыныш пен мазасыздық сезімдерін туындатып, психологиялық жай-күйіне елеулі зиян келтіретін әрекеттер жасаған.

Бұл заңға қайшы іс-әрекеттердің қылмыс болып Қылмыстық кодекске енгізілуінің бірден-бір себебі – қоғамдағы ер азаматтың неке заңды түрде бұзылғанына қарамастан, әйелінің еркінен тыс онымен байланыс орнатуға немесе оны аңдуға бағытталған іс әрекеттердің көбеюі. Яғни, бұл заң жәбірленушілердің тұрақты байланыс орнату әрекеттерінен, адамның еркіне қарсы жасалған аңдудан қорғайды. Өйткені, осы заңсыз әрекеттер одан бетер ауыр қылмыстың бастауы болуы мүмкін.



Сандугаш Избагамбетова,
Ақтөбе қаласы №2 сотының төрағасы

Сонымен қатар, ҚК-нің 98-3-бабының талаптарына сәйкес, сотпен сотталушының жүріс-тұрысына 1 жыл мерзімге дейін жәбірленушінің көмелетке толмаған және (немесе) әрекетке қабілетсіз отбасы мүшелерін қоса алғанда, жәбірленушінің еркіне қарамастан, оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға тыйым салудан тұратын ерекше талаптар белгіленуі мүмкін.

Сталкинг – бұл аңду, тұрақты қоңыраулар, хабарламалар, қорқытулар және басқа да қудалау түрлері ретінде болады. Сталкинг іс-әрекеттерінің дәлелдемелері ретінде хат-хабарламалар, қоңыраулар журналы, дыбыстық-бейне жазбалар, куәлар жауаптары болуы мүмкін.

КНЕ

ҚР Конституциясында мемлекеттік тіл – қазақ тілі екені айқын белгіленген. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, оның қоғамдағы беделі мен мәртебесін арттыру – еліміздің стратегиялық даму бағыттарының бірі.



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕНГЕРУГЕ ҚЫЗЫҒАТЫНДАР БАРШЫЛЫҚ

Соңғы жылдары мемлекеттік тілдің қолданыс аясы айтарлықтай кеңейіп келеді. Бүгінде мемлекеттік органдарда, білім беру ұйымдарында, сот жүйесінде және қоғамдық өмірдің көптеген салаларында қазақ тілінің қолданылуы тұрақты түрде артып отыр. Бұл – мемлекеттік саясаттың жүйелі жүзеге асырылуының және қоғамның мемлекеттік тілге деген құрметінің айқын көрінісі.

Сот билігі – заң үстемдігін қамтамасыз ететін маңызды институт. Сондықтан сот өндірісінде мемлекеттік тілдің қолданылуына ерекше көңіл бөлінеді. Азаматтардың сотқа мемлекеттік тілде жүгінуіне, өз құқықтарын ана тілінде қорғауына барлық қажетті жағдай жасалған. Сот құжаттарын мемлекеттік тілде әзірлеу, іс жүргізу барысында қазақ тілінің үлесін арттыру – сот жүйесінің басты міндеттерінің бірі.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Өрбір азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруге, оны күнделікті өмірде қолдануға деген ұмтылысы ұлттық бірлікті нығайтып, елдің тұрақты дамуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда жастардың мемлекеттік тілді еркін меңгеруге деген қызығушылығы артып келеді. Ақпараттық технологиялардың, цифрлық платформалардың және бұқаралық ақпарат құралдарының қазақ тіліндегі контентті көбейтуі де мемлекеттік тілдің дамуына жаңа серпін беруде. Бұл үрдіс қазақ тілінің заман талабына сай дамып, қоғамдық қатынастардың барлық саласында кеңінен қолданылуына мүмкіндік жасап отыр. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру – бұл тек заң талабы ғана емес, ұлттық құндылықтарды сақтаудың, тәуелсіздікті нығайтудың және қоғамдық келісімді бекемдеудің маңызды тетігі. Сондықтан әрқайсысымыз мемлекеттік тілдің дамуына өз үлесімізді қосуға тиіспіз.

Қазақ тілінің мәртебесі жылдан-жылға нығайып келеді. Бұл – елдің бірлігі мен болашағына қызмет ететін маңызды жетістік. Мемлекеттік тілді құрметтеу және оны кеңінен қолдану – әрбір Қазақстан азаматының азаматтық парызы әрі ортақ жауапкершілігі.

Аслан ОРАЗГАЛИЕВ,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

ІРГЕТАС

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Заманауи мегаполистің бәсекеге қабілеттілігі ендігі кезекте тек Өндіріс немесе құрылыс қарқынымен өлшенбейді. Бүгінде оның басты көрсеткіші – цифрлық инфрақұрылымының сапасы, ақпараттық қауіпсіздік деңгейі, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі және инновацияларды тиімді пайдалану мүмкіндігі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда Шымкентте атқарылып жатқан жұмыстар жүйелі мемлекеттік саясаттың нақты көрінісіне айналып келеді.

Мемлекет басшысы жасанды интеллект технологияларын енгізу, IT саласын дамыту, цифрлық сервистерді кеңейту және ақпараттық қауіпсіздікті күшейту жөнінде құзырлы органдарға нақты міндеттерді шегелеп тапсырған. Бұл міндеттер өңірлерде де кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.

Шымкент қаласы да соңғы жылдары цифрлық трансформация бағытында ауқымды жобаларды қолға алды. Электрондық мемлекеттік қызметтердің үлесі артып, «Ақылды қала» тұжырымдамасы аясында жаңа цифрлық шешімдер енгізілуде. Қаланың инженерлік-коммуникациялық жүйелерін жаңғырту, талшықты-оптикалық байланыс желілерін дамыту, цифрлық мониторинг құралдарын енгізу, қоғамдық қауіпсіздік жүйелерін жетілдіру – осы жұмыстардың барлығы бір-бірімен өзара сабақтас.

Кез келген заманауи цифрлық инфрақұрылым ең алдымен заң талаптарына толық сәйкес болуы тиіс. Себебі ақпараттық технологиялардың қауіпсіз әрі тұрақты жұмыс істеуі инженерлік жүйелердің дұрыс орналастырылуына, техникалық талаптардың сақталуына және жауапты операторлардың белгіленген нормаларды орындауына тікелей байланысты, – дейді Шымкент қаласы цифрландыру басқармасының басшысы Мұхит Кемелов.

Осы тұрғыдан алғанда соңғы уақытта әлеуметтік желілерде талқыланып жатқан интернет кабельдерінің демонтаждалуына қатысты мәселеге де кеңірек тоқталған жөн. Жакында әлеуметтік желілерде кейбір тұрғындар Шымкент қаласының жекелеген көшелерінде интернет кабельдерінің алынып жатқанына алаңдаушылық білдіріп, түрлі пікірлер жариялаған. Алайда мәселенің мәні интернет қызметін

шектеуде емес. Бұл жұмыстар инженерлік және қауіпсіздік талаптарын бұза отырып орналастырылған кабель желілерін заң талаптарына сәйкестендіру мақсатында жүргізілген болып шықты.

Өткен жылы жүргізілген арнайы тексерулер барысында сыртқы жарықтандыру тіректеріне бірқатар интернет-провайдерлердің кабель желілерін заңсыз орналастыру фактілері анықталған. Мұндай кабельдер тек қаланың сәулеттік келбетіне нұқсан келтіріп қана қоймай, тұрғындардың өмірі мен денсаулығына, олардың мүлкіне қауіп төндіретін факторлардың бірі ретінде бағаланды. Әсіресе, электр желілеріне жақын орналасқан байланыс кабельдері төтенше жағдайлардың туындау қаупін күшейтетіні белгілі. Осыған байланысты интернет-провайдерлерге заңсыз орналастырылған кабель желілерін өз күштерімен алып тастау жөнінде бірнеше мәрте ескерту жасалып, оларды баламалы инженерлік инфрақұрылымға көшіру жолдары ұсынылған.

2025 жылғы қараша айында барлық байланыс операторларына заңсыз орналастырылған кабельдерге демонтаж жасау қажеттігі туралы ресми хабарламалар жолданып, талаптарды орындауға жеткілікті мерзім берілді. Белгіленген уақыт ішінде бірқатар интернет-провайдерлер заң талаптарын сақтап, кабель желілерін өз еркімен алып тастады. Алайда кейбір байланыс операторлары берілген мерзім аяқталғанына қарамастан заң талаптарын орындамаған. Сол себепті бүгінгі таңда қолданыстағы заңнамаға сәйкес жергілікті атқарушы орган тарапынан заңсыз орналастырылған кабель желілерін мәжбүрлі түрде демон-

таждау жұмыстары жүргізілуде, – деп толықтырды Мұхит Әбүтәліпұлы.

Бұл жерде ерекше атап өтер мәселе – аталған жұмыстардың мақсаты тұрғындарды интернеттен ажырату емес екенін атап өткен жөн. Ведомство мамандарының айтуына қарағанда негізгі мақсат – қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін инженерлік желілерді ретке келтіру, заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және



қаланың цифрлық инфрақұрылымын халықаралық стандарттарға жақындатуға бағытталған.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Бүгінде Шымкент шаһарында цифрлық технологиялар қоғам өмірінің барлық саласына барынша жылдам қарқынмен еніп келеді. Мемлекеттік қызмет көрсету, банк жүйесі, білім беру, денсаулық сақтау, көлік, коммуналдық шаруашылық – барлығы дерлік



цифрлық платформалар арқылы жұмыс істейді. Сондықтан инженерлік байланыс желілерінің заң талаптарына сай болуы тек техникалық мәселе емес. Бұл – ақпараттық қауіпсіздіктің аса маңызды бөлігінің бірі. Бұл орайда елімізде жүзеге асырылып жатқан «Қазақстанның киберқалқаны» жобасы шеңберінде мемлекеттік органдардың, инфрақұрылымдық нысандардың және цифрлық сервистердің кибершабуылдарға төзімділігін арттыру көзделіп отыр. Осы тұрғыдан алғанда өңірлердегі байланыс желілерін ретке келтіру жұмыстары аталған мемлекеттік саясатпен толық үндеседі.

Бүгінде жасанды интеллект технологиялары әлемдік экономиканың негізгі драйверіне айналғаны рас. Атап айтқанда, мемлекеттік басқарудан бастап өндіріс пен қызмет көрсету саласына дейін барлық бағытта интеллектуалды жүйелер кеңінен енгізілуде. Шымкент қаласында да цифрландыру саясаты осы үрдістермен сабақтас жүргізіліп келеді. Ақылды бейнебақылау жүйелері, цифрлық мониторинг платформалары, деректерді автоматты

түрде талдау жүйелері, қалалық инфрақұрылымды басқарудың интеллектуалды шешімдері кезең-кезеңімен енгізілуде. Алдағы уақытта жасанды интеллект қалалық көлік қозғалысын басқару, коммуналдық қызметтердің тиімділігін арттыру, қоғамдық қауіпсіздікті күшейту, медициналық және білім беру қызметтерінің сапасын жақсарту бағыттарында кеңінен қолданылатын болады.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ПЕН FINTESCH МҮМКІНДІКТЕРІ КЕҢЕЮДЕ

Бүгінде мегаполисте мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электрондық форматқа көше бастаған. Азаматтар көптеген қызметті онлайн алуға мүмкіндік алып, мобильді қосымшалар арқылы төлем жасап, анықтамалар рәсімдеп, мемлекеттік органдармен тікелей цифрлық байланыс орната бастаған.

Цифрлық саланың жылдам қарқынмен күнделікті өмірге еніп жатқанын жергілікті тұрғындар да қуана қабылдап, мұның қала жұртына зор мүмкіндіктер сыйлағанын жеткізді.

Мәселен, FinTech секторындағы қарқынды даму қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды кеңейтіп, қаржы қызметтерін бұрынғыдан да қолжетімді етті. Мұндай цифрлық экожүйенің үздіксіз жұмыс істеуі тұрақты әрі қауіпсіз байланыс инфрақұрылымына тікелей тәуелді, – дейді Шымкент қаласының тұрғыны Айдар Төлеубаев.

Қоғамда кейде кез келген өзгеріс алғашқыда түсінбеушілік туғызуы мүмкін. Алайда заң талаптарын сақтау – барлық қатысушылар үшін ортақ міндет. Тексеріс қорытындысы бойынша аймақта жұмыс істейтін барлық интернет-провайдерлер де өз қызметін заң аясында ұйымдастыруға, инженерлік желілерді белгіленген талаптарға сәйкес орналастыруға және қауіпсіздік нормаларын мүлтіксіз орындауға міндеттенді.

Шымкент қаласында жүргізіліп жатқан кабель желілерін ретке келтіру жұмыстары дәл осы қағидаттарға негізделген. Бұл тұрғындарды интернеттен ажыратуға емес, қаланың қауіпсіз әрі заманауи цифрлық кеңістігін қалыптастыруға бағытталған жүйелі шара.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
Шымкент қаласы

БАҒДАР

2026 жылдың 1 шілдесінен күшіне енген ҚР Конституциясы мен Мемлекет басшысы ілгерілетіп отырған «Заң және тәртіп» идеологиясы еліміздің саяси-құқықтық дамуының жаңа белесін айқындап берді. Бұл тұжырымдама тек құқықтық нормалардың жиынтығы емес, ол – Әділетті Қазақстанды құрудың стратегиялық негізі және қоғамдық тұрақтылықтың басты кепілі. Әсіресе, ел қауіпсіздігінің тірегі болып табылатын әскери ортада бұл қағидаттардың сақталуы мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен ішкі тұтастығы үшін айрықша маңызға ие.

ТӘРТІП – МЫҚТЫ КҮШ

«Заң мен тәртіп – әділетті Қазақстанның кепілі» идеологиясының басты мақсаты – қоғамда заңды қатаң сақтау және құқықтық нигилизмді жою мәдениетін қалыптастыру. 2026 жылғы Конституцияның кіріспесінде бұл қағидат мемлекеттің бірі ретінде көрсетілген. Бұл – заң алдындағы теңдік пен жауапкершіліктің жалпыға бірдейлігін білдіреді. Стратегиялық тұрғыдан алғанда, бұл идеология мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығын арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа «мүлдем төзбеушілік» танытуға және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға бағытталған.

Әскери ортада бұл идеологияны ілгерілетудің бірнеше маңызды аспектісі бар: Саяси бейтараптық – жана Конституцияның 26-бабына сәйкес, әскери қызметшілердің саяси партияларда болуға, қандай да бір саяси күштерді қолдауға құқығы жоқ. Бұл норма әскери ортаның кәсібилігін сақтауға және олардың тек заң мен Отан мүддесіне қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – «Заң және тәртіп» идеологиясы аясында әскери басқару органдарында адалдық пен меритократия қағидаттарын орнықтыру көзделеді. Кез келген заң бұзушылыққа мемлекет тарапынан тиісті шаралардың қолданылуы әскери ортада әділеттілік сезімін ұялатады. Құқықтық тәрбие – жастарды, соның ішінде болашақ сарбаздарды тәрбиелеуде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы арқылы заңға құрметпен қарау сезімі қалыптастырылады. «Тәртіп – мықты күш» тақырыбындағы кездесулер мен құқықтық ағарту шаралары әскери қызметшілердің

құқықтық сауаттылығын арттыруға септігін тигізеді. Заң мен тәртіптің орнығуы тек шектеулермен ғана емес, сонымен қатар азаматтардың, соның ішінде әскери қызметшілердің құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерімен де айқындалады. Қазақстанның Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (ӨРПК) мен әкімшілік сот ісін жүргізудің конституциялық мәртебе алуы (76-бап) бұл бағыттағы маңызды қадам болды.

Әскери соттар әскери басқару органдары мен лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттеріне немесе шешімдеріне қатысты дауларды ӨРПК нормалары негізінде әділ шеше отырып, әскери ортада заң үстемдігін қамтамасыз етеді. Соттың белсенді рөлі қағидаты азаматтарға өз құқықтарын қорғауда мемлекеттік органдармен тең дәрежеде тұруға мүмкіндік береді.

Балжан БЕКБОЛАТОВА,
Алматы гарнизонының
Әскери сот Әкімшісі
басшысының орынбасары

ТАҒЫМ

АРДАГЕРГЕ
КӨШЕ АТАУЫ БЕРІЛДІ

Атырау көшелерінің біріне екінші дүние-жүзілік соғыс пен сот жүйесінің ардагері Әділгерей Қайнарбаевтың есімі берілді.

Салтанатты рәсімге Атырау облыстық сотының судьясы Сағат Хасан, Атырау облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Өтешев, Х.Дос-мұхамедов атындағы Атырау

мінсіз орындаудың үлгісі болып қалғанын атап өтті. Оның есімін көшеге беру жас ұрпақ үшін де, сот жүйесі өкілдері үшін де үлкен тәрбиелік мәнге ие екендігін айтты.



университетінің профессоры Шахман Нағымов, Атырау облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Халидолла Сәтқаев, сот жүйесінің ардагері Боранбай Ғалиев, сондай-ақ ардагердің туыстары мен жақындары қатысты.

Атырау облыстық сотының судьясы С.Хасанға және ардагердің туған ағасы С.Шыныбаевқа көше атауының ескерткіш тақтайшасын ашу құрметі берілді.

Сөз алғандар Ә.Қайнарбаевтың өмір бойы әділдік пен заңдылық қағидаттарына адалдықтың, қызметтік борышын



Ә.Қайнарбаев 1924 жылы Гурьев облысы (Атырау облысы) Махамбет ауданы Бақсай ауылында дүниеге келген. 1943–1945 жылдары 81-гвардиялық атқыштар ди-

визиясының Қызыл жұлдызды Краснодар Суворов орденінің 92-жеке сапер батальонының құрамында неміс-фашист басқыншыларына қарсы шайқастарға қатысты.

Ерлігі мен батырлығы үшін «Қызыл жұлдыз», «3 дәрежелі Даңқ» ордендерімен, «Ерлігі үшін» және «Ұлы Отан соғысындағы Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

1951 жылы Алматы қаласындағы Заң институтын бітіргеннен кейін Әділет министрлігінің Гурьев облысы бойынша басқармасында жұмыс істеген, Жылыой аудандық халық сотының судьясы, Гурьев қалалық және облыстық соттарында халық судьясы болған.

Ә.Қайнарбаев заңға және Отанға адал қызмет етуде бай мұрасын қалдырып, 1984 жылы өмірден өтті.

Жоғарғы Соттың
баспасөз қызметі

БЕЗБЕН

ӘДІЛТӨРЕЛІКТІҢ
БЕРІК ІРГЕТАСЫ – СЕНІМ

Қоғамдағы әділдік пен заң үстемдігі ең алдымен сот жүйесіне деген сеніммен өлшенеді. Азаматтар өз құқықтарының заң аясында қорғалатынына, соттың әділ әрі бейтарап шешім қабылдайтынына сенген жағдайда ғана құқықтық мемлекет қағидаттары толық жүзеге асады. Сондықтан халықтың сотқа деген сенімін арттыру – еліміздің сот жүйесін дамытудағы басты міндеттердің бірі.



Соңғы жылдары Қазақстанда сот жүйесін жетілдіруге бағытталған ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. Бұл өзгерістердің негізгі мақсаты – сот төрелігінің сапасын арттыру, соттардың тәуелсіздігін нығайту, сот қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғау. Бүгінде сот қызметіне заманауи цифрлық технологиялар кеңінен енгізілді. Азаматтар талап-арыздарын электрондық түрде жолдап, сот отырыстарына қашықтан қатыса алады, сот актілерімен онлайн танысу мүмкіндігіне ие болды. Мұндай жаңашылдықтар сот төрелігінің ашықтығын арттырып қана қоймай, халыққа қолайлы жағдай қалыптастырып, уақыт пен қаражатты үнемдеуге мүмкіндік беріп отыр.

Халықтың сотқа деген сенімі сот процестерінің ашықтығы арқылы да нығая түседі. Сот отырыстары-

Сот билігіне деген сенім – құқықтық мемлекеттің берік іргетасы. Сондықтан сот жүйесін одан әрі жетілдіріп, сот төрелігінің сапасын арттырып және азаматтардың құқықтарын тиімді қорғау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғаса береді. Заңға құрмет пен әділ сотқа деген сенім қоғамның тұрақты дамуының, ел бірлігі мен мемлекетіміздің өркендеуінің басты кепілі болып қала береді.

ның жария түрде өткізілуі, сот актілерінің қолжетімділігі, бұқаралық ақпарат құралдары және қоғаммен тиімді байланыс сот жүйесінің қызметін барынша түсінікті әрі ашық етеді.

Дауларды медиация және татуласу рәсімдері арқылы шешу институтының дамуы да қоғамдағы құқықтық мәдениеттің қалыптасуына оң әсерін тигізіп келеді. Дауды тек жеңімпаз бен жеңілген тарапқа бөлмей, өзара келісім арқылы шешу қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға және азаматтардың сотқа деген оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әрбір азамат сотқа жүгінген кезде өзінің ісі заң талаптарына сәйкес әділ қаралатынына сенімді болуы тиіс. Мұндай сенім бір күнде қалыптаспайды. Ол – сот жүйесіндегі тұрақты реформалардың, судьялардың кәсіби қызметінің, соттардың ашық жұмысының және қоғаммен тиімді диалогтың нәтижесі.

Сот билігіне деген сенім – құқықтық мемлекеттің берік іргетасы. Сондықтан сот жүйесін одан әрі жетілдіру, сот төрелігінің сапасын арттыру және азаматтардың құқықтарын тиімді қорғау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғаса береді. Заңға құрмет пен әділ сотқа деген сенім қоғамның тұрақты дамуының, ел бірлігі мен мемлекетіміздің өркендеуінің басты кепілі болып қала береді.


Соңғы жылдары Қазақстанда сот жүйесін жетілдіруге бағытталған ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. Бұл өзгерістердің негізгі мақсаты – сот төрелігінің сапасын арттыру, соттардың тәуелсіздігін нығайту, сот қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғау.

Амангелды
КАЛМУХАМБЕТОВ,
Ақтөбе қалалық
сотының судьясы

КӨЗҚАРАС

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері тіл мәселесі қоғамдағы өзекті тақырыптардың бірі болып келеді. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оның қолданылу аясын кеңейту және ресми ортада кеңінен пайдалану – еліміздің маңызды бағыттарының бірі.

РЕСМИ ОРТАДА
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ
ҚАЖЕТТІЛІГІ АРТУЫ ТИІС



ҚР Конституциясына сәйкес мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Сондықтан мемлекеттік органдарда іс жүргізудің, құжат айналымының және азаматтармен қарым-қатынастың мемлекеттік тілде жүзеге асырылуы заң талаптарына толық сай болуы қажет. Бұл – мемлекеттік тілдің беделін арттырып қана қоймай, қоғамдағы бірлікті нығайтудың маңызды тетігі.

Мемлекеттік тілді дамыту тек заң талаптарын орындаумен шектелмеуі тиіс. Ең алдымен, әрбір мемлекеттік қызметші қазақ тілін еркін меңгеріп, оны күнделікті қызметінде сауатты қолдануға ұмтылғаны жөн. Себебі ресми ортадағы тіл мәдениеті мемлекеттік қызметтің сапасына да тікелей әсер етеді.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы мен ұлттық болмысының айнасы. Ұлы ақын-жазушыларымыздың шығармалары тілдің байлығы мен көркемдігін айқын көрсетеді. Сондықтан мемлекеттік тілдің мүмкіндігін толық

пайдалану арқылы оның қоғамдағы беделін арттыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Бүгінде мемлекеттік органдарда қазақ тілінде құжат әзірлеу, ресми хат алмасу және халыққа қызмет көрсету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту үшін әрбір азамат өз үлесін қосуы қажет. Әсіресе ресми ортада қазақ тілінде еркін сөйлеп, сауатты жазу мәдениетін қалыптастыру уақыт талабы.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі – мемлекет мәртебесі. Сондықтан қазақ тілінің ресми ортадағы қолданысын арттыруға әрқайсысымыз жауапкершілікпен қарап, оның дамуына өз үлесімізді қосқанымыз абзал.

Акерке ИСАЕВА,
Ақтөбе облысы
Шалқар аудандық сотының
жетекші маманы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «MADINA ISSAI» ЖШС (БСН 240440031667) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-шағымдары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округі, Қазығұрт ауылы, Қажымұқан көшесі, 35-үй, тел. +7 705 898 9636.

3. «Detilife» ЖШС (БСН 241040016483) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-шағымдары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Омаров көшесі, 4-үй, тел. +7 747 708 0081.

10. «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Әуликөл ауданы білім бөлімінің «Әуликөл кешкі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 110840017838) заңды мекенжайы: Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Әуликөл ауылы, Қостанай көшесі, 2, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 49, 50-баптарына және Қостанай облысы әкімдігінің 2026 жылғы 13 шілдедегі №201 қаулысына сәйкес өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-шағымдары жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Әуликөл ауылы, Қостанай көшесі, 2. Тел. 8 775 100 57 75.

11. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Әуликөл ауданы білім бөлімінің Қарақалпақ бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 021140003211) заңды мекенжайы: Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Қазанбас ауылдық округі, Қарақалпақ ауылы, Орталық көшесі, 12-ғимарат, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 49, 50-баптарына және Қостанай облысы әкімдігінің 2026 жылғы 13 шілдедегі № 200 қаулысына сәйкес өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Қазанбас ауылдық округі, Қарақалпақ ауылы, Орталық көшесі, 12-ғимарат, тел. 8 777 301 25 12.

12. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Меңдіқара ауданының білім бөлімінің Жарсуат бастауыш мектебі» КММ (БСН 020340003048) заңды мекенжайы: Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Қарақоға ауылдық округі, Құлшұқай ауылы, С.Сейфуллин көшесі, 8, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 49, 50-баптарына және Қостанай облысы әкімдігінің 2026 жылғы 13 шілдедегі № 202 қаулысына сәйкес өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Қарақоға ауылдық округі, Құлшұқай ауылы, С.Сейфуллин көшесі, 8, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 8 714 43 222 71.

13. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Меңдіқара ауданының білім бөлімінің Борков негізгі орта мектебі» КММ (БСН 970240002648) заңды мекенжайы: Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Михайлов ауылдық округі, Борки ауылы, Молодежный көшесі, 1, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 49, 50-баптарына және Қостанай облысы әкімдігінің 2026 жылғы 27 шілдедегі № 217 қаулысына сәйкес өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Михайлов ауылдық округі, Борки ауылы, Молодежный көшесі, 1, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 8 777 304 29 99.

15. «ТехКомплексПроизводств» ЖШС (БСН 180440011123) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Өтепқали Әлжанов көшесі, 2-үй, 2-пәтер.

16. «ELevion Group» ЖШС (БСН 260440000343) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Көктөбе шағынауданы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 2/20-үй.

20. «Кәусар-2015» балабақшасы мекемесі (БСН 150540005820) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Сәрке Батыр көшесі, 40-үй, тел. 8 702 123 52 77.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

8. «Prime Aviation» акционерлік қоғамы (БСН 060340010950) «Prime Aviation» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылуы туралы хабарлайды. «Prime Aviation» акционерлік қоғамы (БСН 060340010950) акционерлік қоғамының барлық құқықтары мен міндеттері «Prime Aviation» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілген. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 65-үй, 300-кеңсе, e-mail: info@primeaviation.kz. Тел. +7 727 355 66 44.

14. «Астана қаласының автотұрақ кеңістігі» ЖШС (БСН 150240018643) өзінің «Астана қаласының Жол қозғалысын ұйымдастыру орталығы» ЖШС (БСН 090440020381)-ге қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Тарас Шевченко көшесі, 8, тұрғын емес үй-жай 11. Тел. 8-800-080-28-88.

17. «Қарағантүбек» ЖШС (БСН 050540002558) 07.09.2026 жылы Ақтау қаласы, 13-шағынауданда, 33/1-ғимарат, 201-кабинет, сағат 11.00-де серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.
Күн тәртібінде: Жер учаскелерін сатуды қарастыру туралы.

21. «АТОКОМ-KZ» ЖШС (БСН 230740020531) өзінің «QARVTORMET Corp» ЖШС-не (БСН 231240010618) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 46/1-ғимараты, 703-кеңсе. Тел. +7 778 688 20 02.

22. «QARVTORMET Corp» ЖШС (БСН 231240010618) өзіне «АТОКОМ-KZ» ЖШС-нің (БСН 230740020531) қосылуы жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 46/1-ғимараты, 705-кеңсе. Тел. +7 778 688 20 02.

23. Осакаров ауданы әкімдігінің «Тазалық» КМК (БСН 060540007174) жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен «Тазалық» ЖШС болып қайта құру жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Молодежный кенті, Иртышская көшесі, 15.

24. «Астана қаласының Жол қозғалысын ұйымдастыру орталығы» ЖШС (БСН 090440020381) өзіне «Астана тұрақ кеңістігі» ЖШС-не (БСН 150240018643) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 17, 9-қабат, тел. +7 778 007 70 39.

19. «Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жоләушілар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің «Қостанай-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны» (БСН 991240001001) жарғылық капиталдың 3 331 351 (үш миллион үш жүз отыз бір мың үш жүз елу бір) теңге 14 тиын сомасына азайтылғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 19.

9. ККГК ауруының табиғи ошақтарында дезинсекциялық іс-шаралардың маңызы Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (ККГК) – кене арқылы таралатын аса қауіпті жұқпалы аурулардың бірі. Сондықтан аурудың табиғи ошақтарында жүргізілетін дезинсекциялық іс-шаралар халықтың денсаулығын қорғауда маңызды орын алады. Дезинсекциялық жұмыстардың негізгі мақсаты – ауру қоздырғышын тасымалдаушы кенелердің санын азайтып, олардың адамға жұғу қаупін төмендету. Бұл мақсатта елді мекендердің санитариялық-қорғау аймақтары, мал қоралары, жайылымдар және адамдар жиі баратын аумақтар арнайы кенеге қарсы препараттармен өңделді. Сонымен қатар энтомологиялық мониторинг жүргізіліп, кенелердің таралу деңгейі тұрақты бақылауда болады. Дезинсекциялық іс-шараларды уақтылы әрі сапалы жүргізу – Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының таралуының алдын алудағы ең тиімді жолдарының бірі. Бұл жұмыстар халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қауіпті инфекциялардың таралуын болдырмауға бағытталған.

18. Осы арқылы «Verum Payments Limited» жеке компаниясы («Компания»), (БСН 231240900271) АХКО Компаниялар туралы қағидаларына (AIFC Companies Regulations) сәйкес өзінің шығарылған және толық төленген жарғылық капиталын азайтуды ұсынатыны туралы хабарланады.

• Қолданыстағы шығарылған және толық төленген жарғылық капитал: 300 000 АҚШ доллары.

• Әрбір жай акцияның номиналды құны: 1,00 АҚШ доллары.

• Ұсынылып отырған жарғылық капиталды азайту сомасы: 200 000 АҚШ доллары.

• Азайтудан кейінгі шығарылған және толық төленген жарғылық капитал: 100 000 АҚШ доллары.

• Жарғылық капиталды азайтудың күшіне ену күні: 2026 жылғы 24 тамыз.

Төлем қабілеттілігі туралы мәлімдеме.
Компания жарғылық капиталды азайтқаннан кейін де өз міндеттемелерін олардың орындалу мерзімі келген кезде толық көлемде орындауға қабілетті болатынын және әдеттегі шаруашылық қызмет барысында өз міндеттемелерін орындауды жалғастыратынын растайды. Ұсынылып отырған жарғылық капиталды азайту Компанияның қызметіне немесе оның өз міндеттемелерін орындау қабілетіне қандай да бір теріс әсер етпейді.

Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/22, 228-кеңсе. Жарияланған күні: 07.08.2026 ж.

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтішова көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент

4. 03.02.2026 ж. қайтыс болған Альжанов Галымжан Бахтияровичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

5. 2026 ж. 5 ақпанда қайтыс болған Умаров Махмут Ниязбаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С.Сүйеубаеваға хабарласуы қажет. Тел. 8 778 000 27 27.

6. 2025 ж. 5 мамырда қайтыс болған Сазанова Джумакульдін артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С.Сүйеубаеваға хабарласуы қажет. Тел. 8 778 000 27 27.

7. 13.04.2026 ж. қайтыс болған Ергешев Мирзаханның атынан мұра ашылды. Барлық мұрагерлері ҚР, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 288-ғимарат мекенжайы бойынша нотариус Г.Ж.Сүлейменоваға жүгінуі керек, тел. +7 702 255 86 92.

25. 2026 жылдың 30 наурызында қайтыс болған Мендгалиев Сабыржан Мустафаевичтің артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзағалиева Роза Тлеккабыловнада мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 16, тел. 8(701) 222 7274.

26. 2026 жылдың 4 шілдесінде қайтыс болған Юлдашев Азизбек Жантураевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Сьюбаева Қарлығаш Түрехановнаға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы, Абылайхан 89, тел. +7 778 401 1001, +7 (725 31) 20 336.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, РБК банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.



БАЙҚАУҒА:

(Соңы. Басы өткен № 57 санда)

Ерлан үнсіз қалды. Ал Абылайдың жанарында қуаныш та, қорқыныш та жоқ еді. Тек бір ғана ой тұрды. «Егер Жанар осы жерде жарақат алса, онда ол үйден өз аяғымен қалай шығып кеткен?»

Келесі күні жауап алу бөлмесінде Нұрлан тағы отырды. Бұл жолы Абылайдың алдында қағаз да, хаттама да жоқ. Тек бір стакан су.

- Нұрлан.
- Иә...
- Мен сізге бір ғана сұрақ қоямын.
- Тыңдап тұрмын.
- Әйеліңізді жақсы көрдіңіз бе?

Нұрлан бірден:

- Әрине, – деп жауап берді.
- Онда неге оның жоғалғанын хабарлағаннан кейін бірде-бір рет ауруханаға хабарласпадыңыз?
- Нұрлан сасып қалды.
- Мен...
- Жедел жәрдемге де телефон шалмадыңыз. Мәйітханаларға да хабарласпадыңыз. Сіз тек полицияға келдіңіз.

Бөлмені үнсіздік жайлады. Абылай сабырмен сөзін жалғастырды.

- Себебі сіз әйеліңіздің қайда екенін білдіңіз. Солай ма? – деп Абылай Нұрланға біраз психологиялық қысым жасап көруге тырысты.
- Нұрланның маңдайынан тер бұршақтап кетті.
- Жоқ...
- Онда неге іздемедіңіз?
- Іздедім!
- Қайдан?
- Көшелерді араладым...
- Қандай көшелерді?

Нұрлан үндемей қалды. Абылай орнынан тұрды.

- Өтірік айту үшін есте сақтау керек. Ал шындықты айту үшін, – деп ол Нұрланға тіке қарады. – Тек еске түсіру жеткілікті.
- Нұрланның саусақтары үстел үстінде еріксіз дірілдей бастады. Абылай Нұрланның іс-қимылын бақылау үшін осындай сөздермен біраз сілкіп алғысы келді.

Келесі күні таңғы сағат тоғызда полковник Абылай Тергеу баскармасының жиналыс бөлмесіне кірді. Үлкен экранға Жанардың соңғы жиырма төрт сағаттағы телефон байланыстары шығарылып тұр екен.

- Медғат келді ме? – деп сұрады Абылай.
- Келдім, әке, – деп Абылайдың ұлы Медғат ноут-бүгін көтеріп ішке кірді.

Ол IT саласында көп жылдан бері жұмыс істейтіндіктен, полиция күрделі цифрлық ақпаратты талдағанда оған жиі жүгінетін.

- Не анықтадың? – деді Абылай.
- Телефон өшкенге дейінгі соңғы үш сағатты қалпына келтірдім, – деп ол экранға қоңыраулар тізімін шығарды.
- Қараңыздар, ол 18:54 – анасымен, 19:03 – әпкесімен екі минуттай сөйлескен.19:08 – оған белгісіз нөмір қоңырау шалған. 21:14 – Нұрлан.
- Медғат экранды үлкейтіп көрсетіп:
 - Міне, ең қызығы осы. 21:14-те болған қоңыраудың ұзақтығы – бес-ақ секунд.
 - Кімге соққан? – деді Ерлан.
 - Нұрланға.
- Абылай үнсіз ойланып қалды: «Бес секунд...»
- Бес секунд сөйлесуге жетпейді, – деді Абылай тағы.

Медғат басын изеп:

- Мен де солай ойладым, – деді.
- Демек, – деп Абылай орнынан тұрып тақтаға жақындады. – Бұл қоңырау әдейі үзілген.
- Ерлан танырқап қалды.
- Неге адам өзі қоңырау шалып, өзі үзеді?
- Өйткені үлгермейді.
- Немесе?
- Телефон қолынан түсіп кетеді.
- Дұрыс. Немесе біреу қолынан тартып алады.
- Егер Нұрланға қоңырау шалса?... Кабинетте отырғандардың бәрі үнсіз қалды.

Сол күні түстен кейін Нұрлан тағы да жауап алуға шақырылды. Кабинетте полковник Абылай мен капитан Ерлан ғана отырды. Үстел үстінде қалың іс папкасы жатқанымен, Абылай оны ашпады. Біраз уақыт үнсіз отырып, Нұрланға тіке қарады.

- Нұрлан мырза, әйеліңіздің аман-есен табылғанын қалайсыз ба?
- Нұрлан танырқай қарап қалды.
- Әрине, қалаймын. Мұндай сұрақты неге қойып отырсыз?
- Онда неге бізге көмектеспей жүрсіз?
- Мен көмектесіп жатырмын ғой.
- Жоқ. Сіз шындықтың бәрін айтпай жүрсіз.
- Нұрлан қабағын түйіп:
 - Мен өтірік айтқан жоқпын, – деді.
- Абылай дауысын өзгертпестен сөзін жалғады.
- Сіздің жауабыңызда шындық бар. Бірақ сол шындықтың арасына өтірік араласып кеткен. Мен сіздің өтірік айтып отырғаныңызды емес, неден қорқып отырғаныңызды түсінгім келеді.

Нұрлан үнсіз қалды.

- Қорықпаңыз. Кейде шындықтың өзі адамды құтқарады, – деді Абылай сенімділікпен.
- Ұзақ үнсіздіктен кейін Нұрлан ауыр күрсініп:
 - Иә... өтірік айттым, – деді.
- Ерлан орнынан қозғалақтап қойып, бар ынтасымен оны тыңдай түсті. Ал Абылай сабыр сақтай отырып, оны шындықты айтуға жетелей түсті.

ШЫТЫРМАН

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ



– Әйеліңізбен ұрыстыңыздар ма?

- Иә.
- Қол көтердіңіз бе?

Нұрлан басын төмен түсірді.

- Иә...
- Ұрыстың себебі не болды?
- Жанар... мені енді сүймейтінін айтты.
- Сіз оған бірден сеніп қалдыңыз ба?
- Иә. Біреуді тауып алған шығар деп ойладым.
- Дәлеліңіз болды ма?
- Жоқ, – деп Нұрлан үнсіз қалды.

Абылай оның жүзіне зер сала қарап отырды.

- Кейде ашуға булыққан адам жүрегіне ауыр тиген сөзді ойланбай айтып жібереді. Сіз осыны ескермедіңіз бе?

– Жоқ... Ескермедім... Өйткені мен де ашулы едім, – деп Нұрлан жанарын еденге қадады. – Ол қатты шаршағанын айтты. Таңнан кешке дейін жұмыста жүреді. Үйге келсе тағы үйдің тірлігі күтіп тұрады. Балалардың сабағы, тамағы, кір-қоңы... Бәрі өз мойнында екенін айтты. «Мен де осы отбасы үшін жұмыс істеп жүрмін. Бірақ ешқашан демалмаймын. Құрбыларыммен бір сағат сыртқа шығуға да рұқсат бермейсің. Дәрігерге қаралуға да уақытым жоқ... Сен мені сүймейсің...» деп жылады.

- Сіз не дедіңіз?
- Иә, сүймеймін, – дедім... – Сосын ол да осы сөзді қайталады. Мен ашуға булығып кеттім. Біреуі бар деп ойладым.
- Сосын?
- Ашумен... шапалақпен тартып жібердім.
- Кабинет ішін үнсіздік басты.
- Құлады ма?
- Жоқ. Бетін ұстап алды да, ештеңе деместен үйден шығып кетті.
- Сағат қанша шамасында?
- Тоғыздар кезі.
- Ұрыс қанша уақытқа созылды?
- Жиырма минуттай.
- Абылай іс папкасын ашып, бір парақты алды.
- Ал көршілеріңізге ұрыс жеті минутқа ғана созылды деп айтыпсыз.

Нұрлан көзін жұмып алып, терең күрсініп:

- Иә... – деді.
- Неге?
- Қорықтым.
- Неден?
- Егер Жанарға бірдеңе болып қалса, бәрі мені кінәлайды деп ойладым. Балаларыма не деймін деп ойладым.

- Абылай біраз үнсіз отырды.
- Нұрлан мырза, сіз бір нәрсені білесіз бе? Тергеуші үшін екі күннің өзі емес, – деп ол саусағымен үстелді жай ғана тықылдатты. – Екі минуттың өзі қымбат.
- Сосын папкадан телефон байланыстарының көшірмесін алып шықты да:
 - Сағат 21:14-те Жанар сізге қоңырау шалған.
- Нұрлан селк ете қалды.
- Неге бұл туралы айтнадыңыз?
- Дауысы әрең шықты.
- Қорықтым...
- Телефонды алмадыңыз ба?
- Жоқ...
- Неге?

– Ашуға булығып тұрдым. Әдейі жауап бермедім. «Өзі кетсе, өзі қайтып келеді» деп ойладым. Абылайдың жанары қатая түсті.

- Сіздің өтірік жауабыңыз біздің екі күнімізді жеп қойды.

Кабинет іші тағы да үнсіз қалды.

- Нұрлан мырза, – деді ол тағы. – Сіздің әрбір жасырған ақпаратыңыз тергеуді кейінге шегерді. Біз жоғалтқан әр минут Жанарды іздеуге кетуі керек еді.
- Нұрланның иығы салбырап кетті.
- Кешіріңіздер...
- Абылай орнынан баяу тұрды.
- Кешірім сұраудың да өз уақыты болады. Ал тергеуде ең қымбат нәрсе – уақыт. Өкінішке қарай, жоғалған уақыт ешқашан қайтып келмейді.

Абылай үстел үстіндегі телефон байланыстарының көшірмесін тағы бір мәрте көзінен өткізді.

– Нұрлан мырза, сіздің өтіріктеріңіздің көбі енді

әшкереленді. Бірақ бір нәрсе көңіліме қонбай тұр.

- Не нәрсе?
- Әйеліңіз үйден ашуланып шығып кеткеннен кейін не істедіңіз?
- Терезеден қарап тұрдым.
- Қай бағытқа кетті?
- Орталық көшеге қарай.
- Соңынан бармадыңыз ба?
- Нұрлан үнсіз басын шайқады.
- Жоқ. Ашуы тарқасын деп ойладым.
- Абылай папканы жауып қойды.
- Ал оның өміріндегі ең үлкен қателігі де, сіздің ең үлкен өкінішіңіз де дәл сол шешім болған сияқты.

Келесі күні жол-патрульдік полициядан күтпеген хабар келді. Қаладан он бес шақырым жердегі тас жол бойында орналасқан жанармай бекетінің бейнебақылау камералары қайта қаралып жатқан. Бейнежазбаның сапасы төмен болғанымен, бір көрініс криминалистердің назарын аударды. Кешкі сағат 21:26. Қара түсті жеңіл көлік жоғары жылдамдықпен келіп, кенет тежегіш басады. Камера кадрынан жүгіріп шыққан әйелдің сұлбасы ғана көрінеді. Келесі сәтте қатты соққы болады. Әйел бірнеше метр жерге ұшып түседі. Көлік бір сәтке тоқтайды. Жүргізуші сыртқа шығып, жерде жатқан әйелдің жанына еңкейеді. Бірнеше секундтан кейін жан-жағына алақтай қарап, әйелді көліктің артқы орындығына көтеріп салады. Содан кейін көлік қаладан сыртқа қарай жүйткі жөнеледі.

Жедел-тергеу тобы бейнежазбаны бірнеше рет қайталап көрді. Кабинет іші тағы үнсіз. Бірінші болып капитан Ерлан тіл қатты.

- Демек... Жанарды Нұрлан өлтірмеген...

Абылай экраннан көзін алмастан жауап берді.

- Әзірге ондай қорытынды жасауға болмайды.
- Бірақ оны көлік қакты ғой.
- Иә.
- Онда бәрі түсінікті емес пе?

Абылай басын шайқады.

- Жоқ, капитан.
- Неге?
- Себебі жүргізуші жедел жәрдем шақырмаған, – деп ол бейнежазбаны тоқтатты.

Экранда әйелдің жанында еңкейіп тұрған жүргізушінің бұлдыр бейнесі қатып қалды.

- Ол қорыққан, – деп Абылай сөзін жалғады. – Сондықтан... Сондықтан әйелді ауруханаға жеткізудің орнына, ешкім көрмейді деп ойлап, қала сыртындағы ағаш арасындағы ескі жолдың жиегіне апарып тастап кеткен.

Кабинеттегі әр адамның өңі өзгеріп кетті.

- Сонда?

Абылай сөзін жалғастырды:

- Егер ол сол жерде бірден «103»-ке хабарласқанда, оқиға мүлде басқаша аяқталуы мүмкін еді.

Ол үстел үстіндегі қаламын қолына алды.

- Бұл іс бізге бір нәрсені үйретті. Ашудың бір ғана сәті бір отбасын ойрандады. Ал қорқыныштың бір ғана сәті сол қателікті орны толмас қайғыға айналдырды.

Нұрланға Жанардың денесінің қала сыртындағы жол жиегінен табылғаны туралы хабар жеткенде, төбесінен жай түскендей болды. Көзіне жас үйіріліп, тізерлей отыра кетті. Екі алақанымен бетін басып, ұзақ үнсіз қалды.

- Жанар... Кешір мені, – деген сөз ғана ернінен әрең шықты.

Сол сәтте оның жан дүниесін өкініш ортеп бара жатты. «Сол түні соңынан барып, тоқтатсам ғой... Соңғы қоңырауына жауап берсем ғой... Ашуыма ерік бермегенде ғой...» деген ойлар жүрегін тілгілеп, өзегін өкінішке толтырды. Бірақ уақытты кері қайтару мүмкін емес еді.

Жүргізуші үш күннен кейін ұсталды. Оның аты – Қанат Есімов екен. Жасы қырық бірде. Екі баланың әкесі. Жеке құрылыс компаниясында жүргізуші болып жұмыс істейді. Жауап алу бөлмесіне кіргеннен-ақ оның өңінен ұйқы көрмегені байқалды. Көзі шүңірейіп кеткен. Сақалы өсіп, жүзі бозарып тұр. Абылай оның қарсы алдына жай ғана отырып:

– Қанат мырза, мен сізден жалғыз ғана нәрсе сұрай-

мын. Сол түні не болды?

Қанат үнсіз қалды. Абылай үстел үстіне бейнебақылау камерасынан алынған суретті қойды.

- Бұл сіздің көлігіңіз ғой?
- Қанат басын изеп – иә, – деді.
- Ал мынау – Жанар.
- Қанаттың екі иығы дір ете қалды.
- Мен... әдейі соққан жоқпын!
- Оны ешкім айтып отырған жоқ.
- Ол аяқ астынан жүгіріп шықты... Мен көрмей қалдым, – деп дауысы дірілдеп кетті.
- Мен тежегішті бастым. Бірақ үлгермедім...
- Сосын не істедіңіз?
- Көліктен түстім.
- Тірі ме еді?
- Қанат көз жасын сүртіп жіберді.
- Білмеймін. Ес-түссіз жатқан.
- Сонда неге жедел жәрдем шақырмадыңыз?
- Қанат екі қолымен бетін басып:
 - Қорықтым, – деді дірілдеп.
 - Неден?
 - Бұрын бір жол апатына кінәлі болып, жүргізуші куәлігімнен айырылғанмын. Осы жолы сотталамын деп ойладым.
 - Сосын?
 - Оны көлікке отырғызып, қала сыртындағы ағаш арасындағы ескі жолға апарып тастадым...
 - Неге дәл сол жерге?
 - Ешкім көрмейді деп ойладым...
- Абылай ауыр күрсініп:
 - Қанат мырза, – деді. Ол бір сәт үнсіз қалды. – Сол түні сіз полициядан емес, – деп дауысы бұрынғыдан да бәсең шықты. — ... өз арыңыздан қашыпсыз.

Қанат еңкілдеп жылап жіберді.

Сот-медициналық сараптаманың соңғы қорытындысы істегі барлық күдікті сейілтті. Жанар үйден шыққан кезде тірі болған. Нұрланның шапалағынан алған жарақаты өміріне қауіп төндірмеген. Ал өлімге себеп болған ауыр жарақаттар жол-көлік оқиғасы кезінде алынған.

Сарапшылардың қорытындысы тағы бір ащы шындықты көрсетті. Егер сол сәтте дереу жедел жәрдем шақырылғанда, Жанардың аман қалу мүмкіндігі өте жоғары болған.
Капитан Ерлан үнсіз ғана қағазды жауып қойды.

- Сонда бұл қайғылы оқиғаға кім кінәлі?

Абылай терезе алдына бараып тоқтады. Жаңбыр жаңа ғана басылған. Күн сәулесі бұлт арасынан сығалай бастаған.

– Заң әр адамның жауапкершілігін өз орнына қояды, капитан. Нұрлан әйеліне қол көтерді, шындықты жасырды. Қанат жол-көлік оқиғасын жасап, зардап шеккен адамды тағдырдың төлкегіне жалғыз тастап кетті. Екеуі де өз қорқынышының құрбаны болды.
Ерлан үнсіз басын изеді.

Абылай кезекті іссапардан үйіне оралды. Есіктен кіргенде Айша күлімдеп қарсы алды. Қызы Еркеназ кітап оқып отыр екен. Ұлы Қасым университеттен жаңа келіпті. Медғат та бүгін үйде екен. Абылай бір сәт үнсіз тұрып қалды. Осы қарапайым ғана көріністің өзі оған үлкен бақыт болып көрінді.

Айша оның ойын сезгендей:

- Не болды? – деп жымыды.

Абылай басын шайқады.

- Ештеңе...

Аз ғана үнсіздіктен кейін сөзін жалғастырды.

- Тек бір нәрсені тағы түсіндім.
- Нені?
- Отбасын бір күнде құру мүмкін емес.
- Ал бір сәттік ашумен, – деп ол балаларына қарап қойды, – ... өмір бойы жинаған бақытыңнан айырылып қалуың мүмкін екен.

Тіршілік өз арнасымен жалғасып жатты. Ал полковник Абылай Қайсенов қылмыстың ізі міндетті түрде табылатынын жақсы білетін. Бірақ кейбір өкініштің ізі ешқашан өшпейді.

Аспан шайдай ашық. Таңғы самал өзен бетін аймалап, мөлдір судың бетіне күміс толқындар түсіріп тұр. Қалың тоғайдың арасынан құстардың саналуан үні естіледі.

Абылай мұндай сәттерді ерекше жақсы көретін. Қолы қалт еткенде қармағын алып, отбасымен табиғат аясына шығуды әдетке айналдырған.

Өзен жағасында қармағын үнсіз суға тастап отыр. Жанында жұбайы Айша самаурынның буы бұрқыраған шайын дайындап жүр. Еркеназ гүл теріп, өзен жағасындағы көбелектерді куалап кеткен. Қасым әкесіне жем әзірлесе, Медғат ұстаған балықтарды суретке түсіріп, әзілдеп қояды.

Абылай жан-жағына көз жүгіртті. Осындай тыныштықтың қадірін оны мамандығындағы адамнан артық түсінетін жан кемде-кем еді.

Дәл сол кезде қалтасындағы ұялы телефоны безілдей жөнелді.

Абылай үнсіз ғана көкжиекке көз тастады. Табиғаттың тыныштығына бөленіп отырған көңіл-күйі әп-сәтте кәсіби сергектікке ауысты. Ол телефонын жай ғана қалтасына салды.

Жұбайы оның жүзіне қарап-ақ бәрін түсінді.

- Тағы ма?

Абылай үнсіз басын изеді. Айша жай ғана жымыды.

- Бара бер. Біз күтеміз.
- Жақсы. Рақмет...
- Жолың болсын!

Өмір өз ағысымен жалғасып жатты. Бір іс аяқталғанымен, полковник Абылай Қайсенов үшін әділет жолындағы күрес ешқашан аяқталмайды.

Ғайша Мұқаш

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6408 дана
Апталық таралым 12816 дана

Тапсырыс № 117 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген. Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31